Хабарландыру

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Орал қаласындағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалында (бұдан әрі – Орал НЗМ) 2026 жылғы 22 қазаннан 6 қарашаға дейін төмендегі босаған қызметтік тұрғын үйлерді бөлуге қатысу үшін құжаттар қабылданады:

1. бір бөлмелі қызметтік тұрғын үй – Орал қаласы, Еуразия даңғылы, 177/1-үй, 23-пәтер;
2. екі бөлмелі қызметтік тұрғын үй – Орал қаласы, Солтүстік-Шығыс шағын ауданы, 29/1-үй, 44-пәтер;
3. екі бөлмелі қызметтік тұрғын үй – Орал қаласы, Солтүстік-Шығыс шағын ауданы, 29/1-үй, 22-пәтер;
4. екі бөлмелі қызметтік тұрғын үй – Орал қаласы, Солтүстік-Шығыс шағын ауданы, 29/1-үй, 64-пәтер.

Қызметтік тұрғын үйлерді беру қағидаларымен және қызметтік тұрғын үй алуға өтініш беру үшін қажетті құжаттар тізбесімен www.nis.edu.kz сайтында танысуға болады.

Үміткерлердің қызметтік тұрғын үй алуға арналған өтініштері мен құжаттар топтамасы 2026 жылғы 6 қараша сағат 17:30-ға дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: Орал қаласы, Московская көшесі, 16, Орал НЗМ, № 220 кабинет.

Тұрғын үй комиссиясының қарауына енгізу үшін құжаттар 2026 жылғы 9 қараша сағат 10:00-ге дейін Тұрғын үй комиссиясының хатшысына мына мекенжай бойынша тапсырылуы тиіс: Астана қаласы, Хусейн бен Талал көшесі, 21/1, 2-қабат, № 207 кабинет, Қамтамасыз ету және құжаттама департаменті.

Анықтама телефондары:
8 (7172) 23–57–00, ішкі нөмірі 1166;
8 (7112) 24–65–11, ішкі нөмірі 5706.

Тұрғын үй алуға үміткерлер Тұрғын үй комиссиясы төрағасының атына өтініш және өткізетін құжаттардың келесі тізіміне сәйкес құжаттарды тұрғын үй комиссиясына өткізеді:

1) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) неке қию (некені бұзу) туралы куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);

3) кадр қызметі тарапынан берілген отбасының құрамы туралы анықтаманың түпнұсқасы;

4) үміткердің отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда);

5) әлеуметтік демалыста болу мерзімдерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек өтілін растайтын кадр қызметтері беретін анықтамалар;

6) педагогикалық шеберлік деңгейін иелену туралы құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);

7) Қазақстан Республикасының аумағында үміткерде және оның отбасы мүшелерінде жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама (анықтама Тұрғын үй комиссиясына құжаттарды берген күнге дейін алынуы тиіс);

8) Ереженің 10 және 11 тармақтарында көрсетілген өзге де растайтын құжаттар (бар болған жағдайда).

Құжаттар мұқаба бетінде өтініш беруші туралы (аты-жөні, қызметі, құрылымдық бөлімшенің аты (филиал) ақпарат бар қағаз скоросшивательдерде өткізілуі тиіс.